



БЕКІТІЛГЕН






Академиялық Кеңестің шешімімен
Хаттама №_6_ «_17_»_12_2024 ж.

ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР МЕН ПРОФЕССОРЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу №55

ТАРАЗ, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

1.ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Халықаралық ынтымақтастық басқармасының басшысы Исабекова Г.Б.	 /қолы/	29.11.24 ж.
2.ЕНГІЗІЛДІ	Халықаралық ынтымақтастық басқармасы		
3.ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4.ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	ҚЕ 3-5-2-2021 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту және қабылдау тәртібі туралы ережесі орнына		
5.ТАРАТЫЛСЫН	Факультеттерге, кафедраларға және барлық құрылымдық бөлімдердің басшыларына		
6.БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	Академиялық Кеңестің шешімімен бекітілді және күшіне енді. Хаттама №_6_, «_17_»_12_2024 ж.		
7.КЕЛІСІЛДІ:	Баскарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Еркінбаева Л.К.	 /қолы/	11.12.24 ж.
	Баскарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есімова Ш.А.	 /қолы/	10.12.24 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дәрібаев Ж.Е.	 /қолы/	02.12.24 ж.
	Заң қызметінің басшысы м.а. Самбетов С.Т.	 /қолы/	03.12.24 ж.
	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі басшысы Балкибаева Г.А.	 /қолы/	03.12.24 ж.

Бұл құжат «М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» ҚЕ АҚ Баскарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
2.1 Нормативтік құжаттар.....	4
3. Негізгі терминдер, қысқартылған сөздер және белгілер	5
3.1 Негізгі терминдер.....	5
3.2 Қысқартылған сөздер.....	5
3.3 Белгілер.....	5
4. Жауапкершілік және өкілеттілік.....	5
5. Жалпы ережелер-----	6
6. Жұмысқа қойылатын талаптар -----	6
7. Шақыру рәсімі -----	7
8. Еңбек ақысы-----	8
9. Әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету-----	9
10. Тәуекелдерді басқару-----	9
11. Қосымшалар-----	10
Қосымша А. Танысу парағы-----	10
Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы-----	12

1. КОЛДАНУ САЛАСЫ

Шақырылған ғалым/профессор ретінде ҚР ҒЖБМ, басқа да дереккөздерді қаржыландыру шеңберінде шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту және қабылдау тәртібі туралы Осы Ереже шетелдік ғалымдар мен профессорлардың болу тәртібін, шақыру рәсімін (шарт, сұратылған тақырыпты бекіту және олардың қызметтеріне ақы төлеу) белгілейтін ішкі нормативтік құжат болып табылады.

Ереже Дулати университетінің СМЖ құжаттамасының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы Құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1041 қаулысы.	Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдардың тізбесін айқындау туралы (10.08.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы	(22.07.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 279 бұйрығы.	Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысы.	Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы. (25.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Заң (28.05.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.	«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» .
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы.	«Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы».

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы құжатта терминдер мен анықтамалар қолданылмайды.

3.2 Қысқартылған сөздер

Осы құжатта төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

Дулати Университеті	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
ХЫБ	Халықаралық ынтымақтастық орталығы басқармасы
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ҚББТ	Қашықтықтан білім беру технологиялары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

3.3 Белгілер

Осы құжатта белгілер қолданылмайды.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы Ережесі М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Академиялық Кеңестің шешімімен бекітілген.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Халықаралық ынтымақтас басқармасына жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жаңа жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжатының бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту және қабылдау тәртібі туралы осы ереже (бұдан әрі - ереже) Дулати университеті Жарғысы негізінде әзірленді және ҚР ҒЖБМ және басқа да көздерді қаржыландыру шеңберінде оқыту үшін шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту рәсімін сипаттайды.

5.2 Осы Ереже жетекші әлемдік университеттердің озық тәжірибесін және Университетте білім беру процесі мен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру саласындағы халықаралық стандарттарды іске асыру үшін шетелдік мамандарды тарту шарттарын айқындайды және регламенттейді.

5.3 Осы Ереже өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік-құқықтық және өкімдік құжаттарын, сондай-ақ университет Жарғысын басшылыққа алады.

6. ЖҰМЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Дулати университетінің оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану және қамтамасыз ету;

- нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми журналдарда бірлескен ғылыми жарияланымдар шығаруға дайындау;

- кафедраның ПОҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу;

- университеттің кітапхана қорын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу;

- ПОҚ, студенттер, магистранттар, докторанттар үшін, сондай-ақ мектеп мұғалімдері үшін on-line және off-line семинарлар өткізу;

- сұралған тақырыпқа сәйкес мастер-класстар, семинарлар, Speaking Club және Workshop өткізу;

- 2 апта және одан көп оқу сабақтарын өткізу, Дулати университетінің СМЖ құжаттамасына сәйкес білім алушылардың бағасын аралық және қорытынды бақылау.

Университет ректоры мақұлдаған жаңа жоба басталған жағдайда бекітілген жоспардан тыс шетелдік мамандарды шақыруға жол беріледі. Бағдарлама әдеттегі форматта, яғни университет аумағындағы мамандандырылған үй-жайларда (аудиториялар, зертханалар, конференц-залдар, тренинг-залдар, ZOOM, Moodle, Google disk платформалары және т.б.) оқытушы білім алушылармен тікелей байланыста болған кезде, сондай-ақ онлайн-оқыту режимінде іске асырылады.

Басқа жағдайларда ректордың шешімі бойынша ҚББТ қолдану қажет болған жағдайда:

- «қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы негізінде (21.05.2024 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) бағдарламаны ҚББТ пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру арқылы іске асыруға болады. ҚББТ бұйрығына сәйкес қашықтықтан оқу сабақтарын онлайн режимінде өткізу арқылы іске асырылады.

Университетте ҚББТ ұйымдастыру және дұрыс жұмыс істеуі үшін:

- 1) ақпараттық технологиялар арқылы не қағаз тасымалдағыш білім алушыларға оқу материалын беру;
- 2) «on-line» тәртібінде консультациялар ұйымдастыру және өткізу;
- 3) «off-line» тәртібінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыру;
- 4) «on-line», «off – line» тәртібінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

7. ШАҚЫРУ РӘСІМІ

7.1 Шетелдік ғалымды, профессорды шақырудың негізгі өлшемдері:

- тиісті құжаттармен расталған ғылыми дәреже (ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторы), ғылыми атақ (профессор, доцент, қауымдастырылған профессор), академиялық дәреже (магистр, MBA), түпнұсқа құжаттары болған жағдайда көшірмесін бере отырып;
- шақырту сәтінде ЖОО-да 5 жылдан кем емес белсенді ғылыми-педагогикалық қызмет;
- мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерінде білім берудің үш деңгейі (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша мамандар даярлау бағыттарының білім беру бағдарламаларының пәндер (Модульдер) курстары бойынша бос орындардың болуы;
- ҚР ҒЖБМ қаражаты, университеттің жеке қаражаты немесе басқа да көздердің болуы.

7.2 ҚР ҒЖБМ «ҚР жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасын іске асыру шеңберінде университет бөлімшелерінің мынадай іс-қимыл алгоритмі белгіленеді:

- әр оқу жылының соңында кафедра меңгерушілері ХЫБ-ға қажетті құжаттарды ұсына отырып, білім беру бағдарламалары пәндерінің курстары бойынша дәрістер/ онлайн-дәрістер оқу және зертханалық-практикалық, семинарлық/ онлайн-семинарлық сабақтар өткізу үшін шетелдік ғалымдарды/профессорларды шақыруға өтінімдер жібереді. Қажет болған жағдайда ХЫБ білім беру бағдарламаларының басым бағыттары бойынша шақырылатын шетелдік ғалымның, профессордың қажетті кандидатурасын іздестіруде факультеттерге жәрдемдеседі.
- ХЫБ Дулати университетінің білім беру бағдарламалары пәндері курстары бойынша шетелдік ғалымдарды, профессорларды дәріс/ онлайн-дәріс оқуға және зертханалық-практикалық, семинарлық/ онлайн-семинарлық сабақтар өткізуге шақыру жоспарын жасайды және оны ғылыми қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор бекітеді. Объективті себептерді ескере отырып, жоспарға өзгерістер енгізуге жол беріледі;
- бірнеше үміткер пайда болған жағдайда, оның мамандану бағыты бойынша халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларындағы және ғылыми-әдістемелік басылымдардағы жұмыс тәжірибесін қоса алғанда, ғылыми мақалаларды жариялау басқа үміткерлерге қарағанда жоғары болатын үміткерге басымдық беріледі;
- ХЫБ шетелдік ғалымның, профессордың қажетті кандидатурасын анықтау үшін шақыру-хат жолдайды;
- ХЫБ шетелдік ғалым/профессормен заң бөлімінің визасымен ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартын жасасады (1 қосымша);
- шетелдік ғалымды, профессорларды қабылдайтын деканат пен шақырушы кафедра оның университет сайтында болуын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

7.3 ХЫБ Тараз қаласының көші-қон қызметі комитетінде шетелдік ғалымды/профессорды тіркеуді жүргізеді және шетелдік ғалымның келуін, орналасуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады;

7.4 Факультет декандары және кафедра меңгерушілері оқу жүктемесінің көлемін және оқу кестесін бекітеді, бірлескен жобалар талқылайды немесе жүзеге асырады, ПОҚ мен

бірлескен мақалалар шығарады, дипломдық, диссертациялық жұмыстарға жетекшілікке тағайындайды, бірлескен білім беру бағдарламаларын жасайды.

7.5 Бухгалтерия шетелдік ғалымның, профессордың шақыруы бойынша шығыстар сметасын жасайды және барлық қажетті құжаттарды ұсына отырып, шетелдік ғалымның, профессордың көрсетілген қызметтеріне ақы төлеуді жүргізеді.

7.6 Шетелдік оқытушы комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

- университеттің шақыруы бойынша берілген шетел азаматының паспортының оқылатын көшірмесі және Қазақстан Республикасының аумағына келу қажеттілігінің жазбаша негіздемесі;

- ғылыми дәрежесін немесе атағын растайтын дипломдар мен сертификаттардың оқылатын көшірмесі;

- соңғы 5 жылдағы ғылыми және оқу-әдістемелік басылымдар тізімімен түйіндеме;

- оқу-әдістемелік материалдар (дәрістер, бейнедәрістер, онлайн-курстар, онлайн-семинарлар жобалау жұмыстары, білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалауға арналған материалдар);

- шетелдік оқытушының педагогикалық және білім беру қызметін жүзеге асыру үшін оның университетте болу кезеңіндегі іс-шаралар жоспары.

8. ЕҢБЕК АҚЫСЫ

Осы Ережеде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды штат құрамына тарту жөніндегі шығыстар деп мемлекеттік сапа стандарттарының талаптарына сәйкес білімнің үш деңгейі (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша Дулати университетінің мамандарын даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсету үшін шақырылған шетелдік ғалымдарды кафедралардың штат құрамының бос орындарына қосуға байланысты шығыстар түсініледі.

Шетелдік ғалымдар мен оқытушыларды тарту шығыстарына, шақырылған шетелдік ғалымдар мен оқытушыларға ҚР ҒЖБМ немесе Дулати университетінің Кеңесі бекіткен сағаттық еңбекақы негізінде қызметтерге ақы төлеу шығындары жатады. Әрбір жекеше жағдайда жеке төлем, оқылатын курстың өзектілігіне, өтетін уақытына байланысты белгіленеді, бірақ белгіленген нормалардан аспайды.

Қажет болған жағдайда (іріктеудің қажетті критерийлеріне сәйкес келетін нақты шетелдік оқытушыны шақырудың негізді қажеттілігі кезінде) шетелдік оқытушыларды тарту жөніндегі шығыстарға олардың тұратын жерінен шақырушы университет аумағында Педагогикалық қызметті жүзеге асыру орнына дейін және кері жол жүру шығыстары жатқызылуы мүмкін. Банкет, бос уақытты өткізуге арналған ойын-сауықты немесе демалысты ұйымдастыруға арналған шығыстар, сондай-ақ тамақтануға арналған шығыстар өтелуге жатпайды.

Қажет болған жағдайда, шетелдік оқытушы келген соң ХЫБ және персоналды басқару қызметі салық төлеушінің тіркеу нөмірін және банктегі шотты ресімдейді. Паспорттың нотариалды куәландырылған аудармасын үміткер ХЫБ қызметкерінің көмегімен жүзеге асырады.

Бас бухгалтер шетелдік оқытушының шақыруы бойынша шығыстарды сатып алу/өтеу үшін ХЫБ ұсынған құжаттардың негізінде жасалған жеке еңбек шартына сәйкес уақтылы төлем жүргізеді;

8.1 Шетелдік оқытушының қызметтеріне ақы төлеу бойынша есеп айырысу ҚР ұлттық валютасында жүзеге асырылады;

8.2 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу орындалған жұмыстар актісі негізінде жүргізіледі:

9. ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

9.1 Шетелдік ғалымға Дулати университетінің қызметкерлері сияқты демалыс күндері (мереке және демалыс күндері) беріледі;

9.2. Университет тұрғын үй-жайды жалға алу төлемі тұрғын үй-жайды қоныстандыру кезіндегі қолданыстағы тарифтерге сәйкес төленген жағдайда, Дулати университетінің жатақханасында қонақ үй үлгісінде тұру мүмкіндігін ұсынады.

10. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

10.1 кестесі – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Ықтималдық» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Екіталай (іс жүзінде мүмкін емес)
2	Едәуір ықтимал
3	Ықтимал
4	Өте ықтимал

10.2 кестесі – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Күрделілік» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Өте төмен (жағымсыз оқиғаның салдары сыртқы тараптарға көрінбейді)
2	Орташа (тұтынушылардың қанағаттанбауының болмашы жағдайлары; салдарын жоюға шамалы шығындар; университет беделіне залал келтірілмеуі)
3	Жоғары (айыппұлдар, салдарды жою үшін айтарлықтай шығындар, мүдделі тараптардың наразылығы)
4	Апатты (қызметті тоқтата тұру, беделін жоғалту).

10.3 кестесі – Тәуекелдің қолайлылығы шкаласы

Ықтималдық \ Күрделілік	1	2	3	4
1	1	2	3	4
2	2	4	6	8
3	3	6	9	12
4	4	8	12	16

10.4 кестесі – Тәуекелдерді басқару







№	Үдеріс	Тәуекел/жағымсыз уақиға	Тәуекелдің қызметке әсерін сипаттау/Үдеріс	Тәуекелді бағалау			Тәуекелді төмендету іс-шаралары (тәуекелді өңдеу)	Жауапты	Орындау мерзімдері
				Жағымсыз оқиғаның болу ықтималдығы / жиілігі (В)	Маңыздылығы / жағымсыз уақиғаның әлеуетті немесе нақты салдары (С)	Баға (В*С)			
1		Көші-кон полициясы департаменті ғалымдарға сол елдегі Қазақстан елшілігіне виза рәсімдеуден бас тартуы	Университеттің даму стратегиясындағы индикаторлардың орындалмауы	1	1	1	Виза рәсімдеуді қажет етпейтін елдерден ғалымдарды шақыру	ХЫБ	Бағдарлама мерзімі аясында



11. ҚОСЫМШАЛАР

А қосымшасы

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

(міндетті)

№	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы
1	Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректоры	Еркінбаева Л.К.	20.12.2024	
2	Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры	Есімова Ш.А.	20.12.2024	
3	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы	Исабекова Г.Б.	19.12.2024	
4	Технологиялық факультетінің деканы	Шардарбек М.Ш.	18.12.2024	
5	Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы	Тұрарова А.Н.	18.12.2024	
6	Экономика және құқық факультетінің деканы	Ернішев К.А.	19.12.2024	
7	Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы	Тасуов Б.Т.	19.12.2024	
8	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы	Нурпеисов М.К.	19.12.2024	
9	Стратегиялық даму басқармасы жетекшісі	Дәрібаев Ж.Е.	20.12.2024	
10	Техникалық сүйемелдеу және IT колдау орталығының басшысы	Жаукашканов А.Қ.	20.12.2024	
11	Академиялық жұмыс жөніндегі департаментының директоры	Алимбаева С.К.	20.12.2024	
12	Тіркеу офісінің директоры	Мыркалыков Б.С.	18.12.2024	
13	Онлайн оқыту бөлімінің басшысы	Беглерова С.Т.	18.12.2024	
14	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі басшысы	Балкибаева Г.А.	19.12.2024	

15	Қабылдау комиссияның жауапты хатшысы	Назарбекова А.А.	19.12.2024	
16	Студенттерді есепке алу және қозғалыстар бөлімінің секторының бас маманы	Касенова А.К.	18.12.2024	
17	Бас бухгалтер	Амиртаева Н.Ш.	19.12.2024	
18	Жоспарлау-экономикалық баскарма басшысы	Мусаева А.А.	18.12.2024	
19	Заң қызметінің басшысы м.а.	Самбетов С.	19.12.2024	

Б қосымшасы

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]